ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2026 жылғы 18 мамыр №7119-26-00-2/4406 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ш.Е.Есжанова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Fortis» атынан Каирбекова Диана Тусупбековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы "Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі" мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Fortis» атынан Диана Тусупбековна Каирбекованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Fortis» атынан Диана Тусупбековна Каирбекова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Fortis» атынан Диана Тусупбековна Каирбековадан мемлекет кірісіне 177,92 (бір жүз жетпіс жеті) теңге 92 тиын теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Fortis» атынан Диана Тусупбековна Каирбековадан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Есжанова Ш. Е., 18.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 25.06.2026, судья Есжанова Ш. Е., 25.06.2026

7119-26-3-1/4088

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ш.Е.Есжанова**

Құжатқа қол қойылған: Есжанова Ш. Е., 18.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 25.06.2026, судья Есжанова Ш. Е., 25.06.2026
«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство
7119-26-3-1/4088